

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 09 желтоқсандағы N 25-7 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментімен 2013 жылы 23 желтоқсанда N 2529 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 07 тамыздағы № 45-5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 07.08.2015 № 45-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қарасай ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, көлік және байланыс, тұрмыстық қызмет көрсету, заңдылықты құқылық тәртіпті, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың

кезектен тыс 25-ші

сессиясының төрағасы М.

Д а л а б а е в а

Аудандық мәслихаттың

х а т ш ы с ы Е .

Қ а л и е в

К Е Л І С І Л Д І :

"Қарасай аудандық жұмыспен

қамту және әлеуметтік

бағдарламалар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

б а с ш ы с ы Жұмағұлов

Махмудбек

Нүсіпбекұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК